**Мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың, қызмет этикасының және мемлекеттік қызметтер көрсету және мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы бойынша тексеру парақтарының нысандарын және мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 203 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылы 8 шілдедегі № 506 бірлескен бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер министрінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 32 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 89 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істер министрінің 11.02.2016 № 32 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 19.02.2016 № 89 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 11-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына, 13-бабы 3-тармағына және 15-бабы 1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса берілген:

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың және аталған саладағы сабайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тексеру парағының нысаны осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың және аталған саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың, қызмет этикасының және мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тексеру парағының нысаны осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес;

4) Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың, қызмет этикасының және

мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері осы бірлескен бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлық профилактикасы департаменті (Ә.А. Көмекбаев):

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының орынбасары С.Қ. Ахметжановқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Төрағасы*
*______________ Қ. Қожамжаров*

*Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Министрі*
*______________ Е. Досаев*

*«КЕЛІСІЛГЕН»*
*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің төрағасы*
*____________ С. Айтпаева*

*2015 жылғы 30 маусым*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2015 жылғы 30 маусымдағы

№ 203 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
Министрінің
2015 жылғы 8 шілдедегі
№ 506 бірлескен
бұйрығына 1-қосымша
Нысан

**Мемлекеттік қызметтер көрсету заңнаманың және осы саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік органның атауы ____________________
_____________________________________________________________________
Тексеруді тағайындау туралы акт ______________________________________
(№, күні)
Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы __________________________
_____________________________________________________________________
Тексерілетін субъектінің (объектінің) БСН (ЖСН), _____________________
_____________________________________________________________________
Орналасқан мекен-жайы ______________________________________________

| № | Талаптар тізімі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмей |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарымен белгіленген қызмет көрсету мерзімдерін сақтау | | | | |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген стандартының болуы | | | | |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген регламентінің болуы | | | | |
| 4 | Мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуы кезінде оларға қажетті жағдайлардың болуы | | | | |
| 5 | Көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпаратты ұсынуы | | | | |
| 6 | Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруы | | | | |
| 7 | Көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарының мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңымен белгіленген | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мерзімдерде қаралуы және олардың қарау нәтижелері туралы хабардар етілуі | | | | |
| 8 | Көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар ету | | | | |
| 9 | Көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдау | | | | |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз ету | | | | |
| 11 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуі | | | | |
| 12 | Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты ұсыну | | | | |
| 13 | Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізу | | | | |
| 14 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының жобасын жария талқылаудың тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес болу | | | | |
| 15 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын әзірлеу және бекіту мерзімдерін сақтау | | | | |
| 16 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің регламентін әзірлеу және бекіту мерзімдерін сақтау | | | | |
| 17 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілген немесе өзгертілгеннен кейін оның көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңарту | | | | |
| 18 | «Электрондық үкіметтің» веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызмет туралы есепті орналастыру | | | | |
| 19 | Көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерге жария талқылаулар өткізу | | | | |
| 20 | Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингі қорытындысын ескере | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау | | | | |
| 21 | Қазақстан Республикасының заңдарымен тегін ұсынылуға кепілдік берілген мемлекеттік қызметтерді тегін негізде көрсету | | | | |
| 22 | Көрсетілетін қызмет алушыларды мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы хабардар ету | | | | |
| 23 | Мемлекеттік қызмет көрсету саласында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болмауы | | | | |
| 24 | Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың болуы | | | | |
| 25 | Бұрын жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды қайталау | | | | |
| 26 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына жеке және заңды тұлғалардан түскен бір және одан да көп негізді шағымдардың болмауы | | | | |
| 27 | Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, көрсетілетін қызмет берушілердің, халыққа қызмет көрсету орталықтарының мекен-жайларына түскен көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдардын қарау мерзімдерін сақтау | | | | |
| 28 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарымен белгіленген қызмет көрсету мерзімдерін бұзу жөнінде негізді шағымдардың немесе өтініштің болмауы | | | | |
| 29 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға қажетті құжаттар тізімінде көзделмеген құжаттарды сұрату жөнінде негізді шағымдардың немесе өтініштің болмауы | | | | |
| 30 | Тексерілетін субъектілермен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша есептік мәліметтерді заңнамамен белгіленген мерзімінде ұсыну | | | | |
| 31 | Тексерілетін субъектілермен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша есептік мәліметтерді ұсыну | | | | |
| | Тексерілетін субъектілердің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша есептік мәліметтерінде мемлекеттік | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 32 | көрсетілетін қызметтер стандарттарымен белгіленген мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдері бұзылуының болмауы | | | | |
| 33 | Тексерілетін субъектілердің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша есептік мәліметтерінде мемлекетті көрсетілетін қызметтер сапасына шағымдардың болмауы | | | | |
| 34 | Тексерілетін субъектілермен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша бұрыс және (немесе) толық есептік мәліметтердің ұсынуы | | | | |
| 35 | Тексерілетін субъектілердің интернет-ресурстарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына жүргізілген бақылау нәтижелерін орналастыру | | | | |
| 36 | Тексерілетін субъектілердің «электрондық үкімет» веб-порталда, интернет-ресурстарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын орналастыры | | | | |
| 37 | Тексерілетін субъектілердің «электрондық үкімет» веб-порталда, интернет-ресурстарында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі қызмет туралы есепті орналастыру | | | | |
| 38 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын әзірлейтін орталық мемлекеттік орган мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының жобасын жария талқылау үшін оны « электрондық үкіметтің» веб-порталында, өзінің интернет-ресурсында және (немесе) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың , ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің интернет-ресурстарында орналастыру | | | | |
| 39 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының жобасын әзірлейтін орталық мемлекеттік орган «электрондық үкіметтің» веб-порталында, өзінің интернет-ресурсында және (немесе) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың , ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің интернет-ресурстарында мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының жобасын жария талқылаудың аяқталғаны туралы есебін орналастыру | | | | |
| | Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның «Мониторинг» ықпалдастырылған | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 40 | ақпараттық жүйесінің мәліметіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарымен белгіленген қызмет көрсету мерзімдерін сақтау | | | | |
| 41 | Мемлекеттік қызметін бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның әлеуметтік тапсырысы бойынша қоғамдық мониторинг жүргізу кезінде сұратылған мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету саласына жататын қажетті орталық мемлекеттік органдардан, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарынан, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінен, осы ақпарат олардың интернет-ресурстарында болмаған ақпаратты ұсыну | | | | |
| 42 | «Мемлекеттік қызметтер көрсету» бағыты бойынша мемлекеттік органның жыл сайынғы тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша тиімді қызметті көрсету | | | | |

Лауазымды тұлға (лар) ____________ ____________________________
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ж.(болған жағдайда)

Тексерілген субъектінің басшысы ____________ ______________________________
(қолы) (Т.А.Ж. (болған жағдайда), лауазымы)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 203 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 506 бірлескен бұйрығына 2-қосымша

**Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың және аталған саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері**

1. Осы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың және аталған салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» және « Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы ережеге сәйкес тексерілетін субъектілерді белгілі бір тәуекел тобына жатқызу үшін әзірленген.

2. Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тексерілетін субъектілер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсететін орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері;

2) тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері – салалық даму ерекшеліктері мен олардың дамуына әсер ететін факторларды ескере отырып, тексерілетін субъектілердің тікелей қызметімен байланысты, әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

3) тәуекел – мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсету және мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттерін қолдану нәтижесінде мемлекеттік қызмет алушыларға зиян келтіру ықтималдығы.

3. Тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежелері бойынша анықтау объективті және субъективті критерийлер, тәукеле дәрежелерін бағалау арқылы анықталады.

4. Объективті критерийлер бойынша барлық тексерілетін субъектілер алғашқыда жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылады.

5. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектілерге қатысты іріктеп тексерулер, жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

6. Іріктеп тексеру жүргізу мерзімділігі жылына бір реттен аспауы тиіс.

7. Субъективтік критерийлер мынадай ақпарат көздері:

1) бұрынғы тексерулер нәтижелері. Бұл ретте, бұзушылықтар аурлығының дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) тексеру парағында көрсетілген мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді.

2) жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен мемлекеттік қызметтердің сапасына расталған шағымдар мен арыздардың болуы;

3) тексерілетін субъектілер ұсынатын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

4) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау;

5) сұраныс бойынша уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді, есептік ақпаратты талдау нәтижелері негізінде анықталады.

8. Осы Критерийлердің 7-тармағында белгіленген ақпарат көздері негізінде осы Критерийлердің қосымшасына сәйкес субъективтік критерийлер белгіленеді.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект мыналарға жатады:

1) жоғары тәуекел дәрежесі - 60-тан 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты іріктеп тексеру, жоспардан тыс тексеру және басқа бақылау нысандары жүргізіледі;

2) жоғары дәрежеге жатпайтын тәуекел дәрежесі – 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты іріктеп тексеру жүргізілмейді, жоспардан тыс тексеру және басқа бақылау нысандары жүргізіледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу кезінде орындалмаған индикаторлардың үлестік салмағы анықталады.

Өрескел дәрежесінің талабы орындалмауының бірі 100 көрсеткішіне теңеледі.

Өрескел дәрежесінің индикаторы анықталмаған жағдайда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеусіз дәрежелердегі индикаторлар сомасының көрсеткіші есептеледі.

Елеулі дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткішін анықтау үшін 0,7 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш келесі формула бойынша саналады:

$$\Sigma Pз = 0,7 \text{ x } \frac{\Sigma P2 \text{ x } 100}{\Sigma P1}$$

$ЕР_{з}$ – елеулі дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$ЕР_{1}$ – тексерілетін субъектіге тексеруге (талдауға) талап етілетін елеулі дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішінің жалпы саны;

$ЕР_{2}$ – бұзылған елеулі дәрежедегі индикаторлардың саны.

Елеусіз дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткішін анықтау үшін 0,3 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш келесі формула бойынша саналады:

$$\Sigma P_{н} = 0{,}3 \times \frac{\Sigma P2 \times 100}{\Sigma P1}$$

$ЕР_{н}$ – елеусіз дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткіші;
$ЕР_{1}$ – тексерілетін субъектіге тексеруге (талдауға) талап етілетін елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішінің жалпы саны;
$ЕР_{2}$ – бұзылған елеусіз дәрежедегі индикаторлардың саны.

Жалпы тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (ЕР) 0-ден 100-ге дейінгі өлшем бойынша есептеледі және көрсеткіштерді қосу арқылы келесі формула бойынша анықталады:

$$\Sigma P = \Sigma P_{з} + \Sigma P_{н}$$

ЕР – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;
$ЕР_{з}$ – елеулі дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткіші;
$ЕР_{н}$ – елеусіз дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткіші.

9. Іріктеп тексерулер тиісті есептік кезең басталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша уәкілетті органға жіберілетін жүргізілген талдау және бағалау нәтижелері бойынша жартыжылдыққа қалыптастыратын іріктеп тексерулер тізімдері негізінде жүргізіледі.

10. Іріктеп тексерулердің тізімдері:

1) субъективті критерийлер бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің басымдығын;

2) мемлекеттік органның тексерулерді жүргізетін лауазымдық тұлғаларына түсетін жүктемелерін ескере отырып жасалады.

11. Әр тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы актінің, тексеру бойынша тексеру парағының, анықталған бұзушылықтар мен оларды жасауға ықпал ететін жағдайларды жою бойынша енгізілген ұсыныстардың көшірмелері, тексеру нәтижелері және мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың талаптарын орындау туралы ақпарат тігілетін арнайы тігінді жүгізіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың және аталған салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы бойынша мемлекеттік

органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау
критерийлеріне қосымша

## Субъективтік критерийлер

| № | **Бұзушылық критериі (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды сақтамаған кезде белгіленеді)** | **Бұзушылық ауырлығының дәрежесі** |
|---|---|---|
| **По результатам предыдущих проверок** | | |
| 1 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарымен белгіленген қызмет көрсету мерзімдерін сақтау | Өрескел |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген стандартының болуы | Елеулі |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген регламентінің болуы | Елеулі |
| 4 | Мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуы кезінде оларға қажетті жағдайлардың болуы | Елеулі |
| 5 | Көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпаратты ұсынуы | Елеулі |
| 6 | Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруы | Елеулі |
| 7 | Көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарының мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңымен белгіленген мерзімдерде қаралуы және олардың қарау нәтижелері туралы хабардар етілуі | Өрескел |
| 8 | Көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар ету | Елеулі |
| 9 | Көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдау | Елеулі |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз ету | Елеулі |
| 11 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуі | Елеулі |
| 12 | Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты ұсыну | Елеулі |
| 13 | Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтеру туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізу | Өрескел |
| 14 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының жобасын жария талқылаудың тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес болу | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| 15 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын әзірлеу және бекіту мерзімдерін сақтау | Елеулі |
| 16 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің регламентін әзірлеу және бекіту мерзімдерін сақтау | Елеусіз |
| 17 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілген немесе өзгертілгеннен кейін оның көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңарту | Елеусіз |
| 18 | «Электрондық үкіметтің» веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызмет туралы есепті орналастыру | Елеулі |
| 19 | Көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерге жария талқылаулар өткізу | Елеусіз |
| 20 | Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингі қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау | Елеулі |
| 21 | Қазақстан Республикасының заңдарымен тегін ұсынылуға кепілдік берілген мемлекеттік қызметтерді тегін негізде көрсету | Өрескел |
| 22 | Көрсетілетін қызмет алушыларды мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы хабардар ету | Елеулі |
| 23 | Мемлекеттік қызмет көрсету саласында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болмауы | Елеулі |
| 24 | Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың болуы | Өрескел |
| 25 | Бұрын жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды қайталау | Өрескел |
| **Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасына жеке және заңды тұлғалардан түскен негізді шағымдардың болуы** | | |
| 26 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына жеке және заңды тұлғалардан түскен бір және одан да көп негізді шағымдардың болмауы | Өрескел |
| 27 | Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, көрсетілетін қызмет берушілердің, халыққа қызмет көрсету орталықтарының мекен-жайларына түскен көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдардын қарау мерзімдерін сақтау | Елеулі |
| 28 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарымен белгіленген қызмет көрсету мерзімдерін бұзу жөнінде негізді шағымдардың немесе өтініштің болмауы | Өрескел |
| 29 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға қажетті құжаттар тізімінде көзделмеген құжаттарды сұрату жөнінде негізді шағымдардың немесе өтініштің болмауы | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| **Тексерілетін субъектілермен ұсынылатын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынатын есептер мен мәліметтерге жүргізілетін мониторинг нәтижесі бойынша** | | |
| 30 | Тексерілетін субъектілермен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша есептік мәліметтерді заңнамамен белгіленген мерзімінде ұсыну | Елеулі |
| 31 | Тексерілетін субъектілермен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша есептік мәліметтерді ұсыну | Өрескел |
| 32 | Тексерілетін субъектілердің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша есептік мәліметтерінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарымен белгіленген мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдері бұзылуының болмауы | Елеулі |
| 33 | Тексерілетін субъектілердің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша есептік мәліметтерінде мемлекетті көрсетілетін қызметтер сапасына шағымдардың болмауы | Елеулі |
| 34 | Тексерілетін субъектілермен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау бойынша бұрыс және (немесе) толық есептік мәліметтердің ұсынуы | Өрескел |
| **Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау бойынша** | | |
| 35 | Тексерілетін субъектілердің интернет-ресурстарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына жүргізілген бақылау нәтижелерін орналастыру | Елеулі |
| 36 | Тексерілетін субъектілердің «электрондық үкімет» веб-порталда, интернет-ресурстарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын орналастыры | Елеулі |
| 37 | Тексерілетін субъектілердің «электрондық үкімет» веб-порталда, интернет-ресурстарында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі қызмет туралы есепті орналастыру | Елеулі |
| 38 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын әзірлейтін орталық мемлекеттік орган мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының жобасын жария талқылау үшін оны «электрондық үкіметтің» веб-порталында, өзінің интернет-ресурсында және (немесе) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық | Елеусіз |

| | | |
|---|---|---|
| | маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің интернет-ресурстарында орналастыру | |
| 39 | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының жобасын әзірлейтін орталық мемлекеттік орган «электрондық үкіметтің» веб-порталында, өзінің интернет-ресурсында және (немесе) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің интернет-ресурстарында мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының жобасын жария талқылаудың аяқталғаны туралы есебін орналастыру | Елеусіз |
| **Уәкілетті органдар және ұйымдармен ұсынылатын мәліметтер, есептік ақпараттарды сұратуы бойынша, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингтің талдау нәтижелері бойынша** | | |
| 40 | Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның «Мониторинг» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің мәліметіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарымен белгіленген қызмет көрсету мерзімдерін сақтау | Өрескел |
| 41 | Мемлекеттік қызметін бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның әлеуметтік тапсырысы бойынша қоғамдық мониторинг жүргізу кезінде сұратылған мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету саласына жататын қажетті орталық мемлекеттік органдардан, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарынан, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінен, осы ақпарат олардың интернет-ресурстарында болмаған ақпаратты ұсыну | Елеулі |
| 42 | «Мемлекеттік қызметтер көрсету» бағыты бойынша мемлекеттік органның жыл сайынғы тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша тиімді қызметті көрсету | Өрескел |

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 203 және Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 506 бірлескен бұйрығына 3-қосымша
Нысан

## Мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметін тексеру парағының нысаны

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік органның атауы ________________________________________________
________________________________________________

Тексеруді тағайындау туралы акт ________________________________
(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектінің) атауы ________________________________________________
________________________________________________

Тексерілетін субъектінің (объектінің) БСН, ЖСН ________________________
________________________________________________

Орналасқан жердің мекен-жайы ________________________________
________________________________________________

| № | Талаптар тізімі | Қажет | Қажет емес | Талаптарға сәйкес | Талаптарға сәйк емес |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік қызметшілермен мемлекеттік және еңбек тәртібінің сақталуы | | | | |
| 2 | Мемлекеттік қызметке кірген тұлғалардың «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) көрсетілген талаптарына сәйкестігі | | | | |
| 3 | Мемлекеттік органдарда жұмыс уақыты ұзақтығының Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы талаптарына сәйкестігі | | | | |
| 4 | Іссапарлар кезіндегі мемлекеттік қызметшілердің кепілдіктері мен өтем ақыларының сақталуы | | | | |
| 5 | Мүдделер қақтығысында Заңның талаптарының сақталуы | | | | |
| 6 | Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру, басқа лауазымға ауысу және | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік қызметті тоқтату тәртібі талаптарының сақталуы | | | | |
| 7 | Мемлекеттік қызметшіге еңбек демалысын беру кезіндегі талаптарының сақталуы | | | | |
| 8 | Мемлекеттік қызметшілерге қатысты әлеуметтік қорғау шараларын қамтамасыз ету бойынша талаптарының сақталуы | | | | |
| 9 | Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің антын қабылдау тәртібі «Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшісі антының мәтінін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің ант беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы № 319 Жарлығының талаптарына сәйкестігі | | | | |
| 10 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшіге тәртіптік жаза қолдануда Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы № 321 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану туралы ережесі тәртібінің сақталуы | | | | |
| 11 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы № 327 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларымен қарастырылған мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу тәртібінің сақталуы | | | | |
| 12 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы № 357 Жарлығымен бекітілген, Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы Ережесі талаптарының сақталуы | | | | |
| 13 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1457 Жарлығымен бекітілген, мемлекеттік қызметшілерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесімен қарастырылған, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың кезеңділігі талаптарының сақталуы | | | | |
| 14 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары талаптарының сақталуы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 8380 тіркелген) | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1243 Жарлығымен бекітілген, Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы ережесі талаптарының сақталуы | | | | |
| 16 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2003 жылғы № 02-0102/59 бұйрығымен бекітілетін, мемлекеттік қызметшінің қызметтік тізімін толтыру нысаны бойынша ұсыныстарының сақталуы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 2290 тіркелген) | | | | |
| 17 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 58 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына үлгілік біліктілік талаптарымен қарастырылған «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдары санаттарының А, В, С, Б, Е санаттары топтарының біліктілік талаптарына, «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына тағайындалған тұлғалардың сәйкестігі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10080 тіркелген) | | | | |
| 18 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 12 тамыздағы № 02-01-02/164 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеумен бекіту жөніндегі ережесімен көзделген талаптарға Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарының сәйкестігі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 7157 тіркелген) | | | | |
| 19 | Мемлекеттік органдарда саяси партия ұйымдарын құру бойынша шектеулердің сақталуы | | | | |
| 20 | Мемлекеттік қызметшілермен Заңның 20-1 бабы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 5 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі талаптарының сақталуы | | | | |
| 21 | Мемлекеттік қызметшінің, мемлекеттік қызметке кіргеннен кейін үш күн мерзімде Ар-намыс Кодексімен жазбаша түрде таныстырылуы | | | | |
| 22 | Ар-намыс Кодексінің мәтінінің мемлекеттік органдардың ғимараттарында баршаға көрінетіндей жерлерде орналастырылуы | | | | |
| 23 | Мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болуы | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 24 | Жеке істе мемлекеттік қызметшінің міндетті өтетін арнайы тексерудің оң нәтижелерін алғаны туралы ұлттық қауіпсіздік органы хатының болуы жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарының сақталуы | | | | |
| 25 | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржылық бақылау шараларының сақталуы | | | | |
| 26 | Мемлекеттік қызметшілермен өздерінің жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе ері (зайыбы) атқаратын қызметтерге тікелей бағынысты лауазымдарды, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, атқаруына болмайтын туралы шектеулердің сақталуы | | | | |
| 27 | Мемлекеттік қызметшілермен мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлық заңнамасымен көзделген мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын басқа қызметпен айналысу бойынша шектеулердің сақталуы | | | | |
| 28 | Мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен көзделген сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың болуы | | | | |
| 29 | Мемлекеттік қызмет саласында игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың болуы | | | | |
| 30 | Мемлекеттік қызмет саласында бұрын жүргізілген тексерулер мен өзге нысанды бақылау нәтижелерімен анықталған бұзушылықтардың қайталануы | | | | |
| 31 | Мемлекеттік қызмет туралы заңнама талаптарын бұзу туралы жеке және заңды тұлғалардың расталған бір немесе одан көп шағымдарының болуы | | | | |
| 32 | Мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын бұзу туралы жеке және заңды тұлғалардың расталған бір немесе одан көп шағымдарының болуы | | | | |
| 33 | Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі талаптарын бұзу туралы жеке және заңды тұлғалардың расталған бір немесе одан көп шағымдарының болуы | | | | |
| 34 | «Персоналды басқару» бағыты бойынша жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдардың қызмет тиімділігінің төмен дәрежесі | | | | |
| 35 | Мемлекеттік қызметте кадр жағдайы мониторингі бойынша есептерді сапалы және уақытылы ұсыну | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 36 | Конкурстық комиссия отырысының «Б» корпусының кадр резервіне алуға ұсыным жасау жөніндегі хаттамасынан үзіндіні, конкурсқа қатысушының жеке іспарағын және оның «Б» корпусының кадр резервіне алынуға жазбаша келісімін уақытылы ұсыну (*он жұмыс күні ішінде*) | | | | |
| 37 | Кадр резервінде тұрған тұлғалармен әңгімелесу нәтижелері бойынша қабылданған шешім туралы хабарламаны уақытылы ұсыну (*резервшілер тізімін алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде*) | | | | |
| 38 | Қайта даярлау және біліктілігін арттырудан өткендер есебін сапалы және уақытылы ұсыну (*жыл қорытындысы бойынша келесі жылдың 10-қаңтарына дейін*) | | | | |
| 39 | Бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда мемлекеттік органдарға қатысты негізделген айыптаулардың болуы | | | | |
| 40 | Бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда мемлекеттік қызметшілер және өзге де мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген тұлғалар және соларға теңестірілген тұлғаларға қатысты негізделген айыптаулардың болуы | | | | |

Лауазымды тұлға (лар) _____________ ______________________________
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ж.(болған жағдайда)

Тексерілген субъектінің басшысы _____________ ______________________________
(қолы) (Т.А.Ж. (болған жағдайда), лауазымы)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 203 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 506 бірлескен бұйрығына 4-қосымша

**Мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері**

1. Осы мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) «Мемлекеттік қызмет туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына, Ар-намыс кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы ережеге сәйкес, тексерілетін субъектілерді белгілі бір тәуекел тобына жатқызу үшін әзірленген.

2. Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары (мемлекеттік қызметшілер және өзге де мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген тұлғалар және соларға теңестірілген тұлғалар);

2) тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері – салалық даму ерекшеліктері мен олардың дамуына әсер ететін факторларды ескере отырып, тексерілетін субъектілердің тікелей қызметімен байланысты, әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

3) тәуекел – меритократиялық, тиімділік, нәтижелілік, транспаренттік принциптеріне негізделген, мемлекеттік қызмет жүйесінің кәсібилендірілуінің төмендеуіне, мемлекеттік қызметшілердің, сонымен бірге жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын бұзу және заңды мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы.

3. Тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежелері бойынша анықтау объективті және субъективті критерийлер, тәукеле дәрежелерін бағалау арқылы анықталады.

4. Объективті критерийлер бойынша барлық тексерілетін субъектілер алғашқыда жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылады.

5. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектілерге қатысты іріктеп тексерулер, жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

6. Іріктеп тексеру жүргізу мерзімділігі жылына бір реттен аспауы тиіс.

7. Субъективтік критерийлер мынадай ақпарат көздері:

1) бұрынғы тексерулердің нәтижелері. Бұл ретте, бұзушылықтардың ауырпалық дәрежесі (өрескел, едәуір және елеусіз) тексеру парағында көрсетілген мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың талаптарын сақтамау жағдайында анықталады;

2) мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың талаптарын бұзу туралы жеке және заңды тұлғалардың расталған шағымдарының болуы;

3) мемлекеттік органдардың қызмет тиімділігін «персоналды басқару» бағыты бойынша бағалау нәтижелері;

4) мемлекеттік органдармен ұсынылатын есептік деректер мен мәліметтерді талдау нәтижелері;

5) бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттік органдар, мемлекеттік қызметшілер және өзге де мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген тұлғалар және соларға теңестірілген тұлғаларға қатысты келеңсіз теріс публикациялар мен жариялымдарды талдау.

8. Осы Критерийлердің 7-тармағында белгіленген ақпарат көздері негізінде осы Критерийлердің қосымшасына сәйкес субъективтік критерийлер белгіленеді.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект мыналарға жатады:

1) жоғары тәуекел дәрежесі–60-тан 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты іріктеп тексеру, жоспардан тыс тексеру және басқа бақылау нысандары жүргізіледі;

2) жоғары дәрежеге жатпайтын тәуекел дәрежесі – 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты іріктеп тексеру жүргізілмейді, жоспардан тыс тексеру және басқа бақылау нысандары жүргізіледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу кезінде орындалмаған индикаторлардың үлестік салмағы анықталады.

Өрескел дәрежесінің талабы орындалмауының бірі 100 көрсеткішіне теңеледі.

Өрескел дәрежесінің индикаторы анықталмаған жағдайда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеусіз дәрежелердегі индикаторлар сомасының көрсеткіші есептеледі.

Елеулі дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткішін анықтау үшін 0,7 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш келесі формула бойынша саналады:

$$\Sigma Pз = 0,7 \times \frac{\Sigma P2 \times 100}{\Sigma P1}$$

$ЕР_{з}$ – елеулі дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$ЕР_{1}$ – тексерілетін субъектіге тексеруге (талдауға) талап етілетін елеулі дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішінің жалпы саны;

$ЕР_{2}$ – бұзылған елеулі дәрежедегі индикаторлардың саны.

Елеусіз дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткішін анықтау үшін 0,3 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш келесі формула бойынша саналады:

$$\Sigma Pн = 0,3 \times \frac{\Sigma P2 \times 100}{\Sigma P1}.$$

$ЕР_{н}$ – елеусіз дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$ЕР_{1}$ – тексерілетін субъектіге тексеруге (талдауға) талап етілетін елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішінің жалпы саны;

$ЕР_{2}$ – бұзылған елеусіз дәрежедегі индикаторлардың саны.

Жалпы тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (ЕР) 0-ден 100-ге дейінгі өлшем бойынша есептеледі және көрсеткіштерді қосу арқылы келесі формула бойынша анықталады:

$$\Sigma P = \Sigma Pз + \Sigma Pн$$

ЕР – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$ЕР_{з}$ – елеулі дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$ЕР_{н}$ – елеусіз дәрежедегі бұзушылықтардың көрсеткіші.

9. Іріктеп тексерулер тиісті есептік кезең басталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша уәкілетті органға жіберілетін жүргізілген талдау және бағалау нәтижелері бойынша жартыжылдыққа қалыптастыратын іріктеп тексерулер тізімдері негізінде жүргізіледі.

10. Іріктеп тексерулердің тізімдері:

1) субъективті критерийлер бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің басымдығын;

2) мемлекеттік органның тексерулерді жүргізетін лауазымдық тұлғаларына түсетін жүктемелерін ескере отырып жасалады.

11. Әр тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы актінің, тексеру бойынша тексеру парағының, анықталған бұзушылықтар мен оларды жасауға ықпал ететін жағдайларды жою бойынша енгізілген ұсыныстардың көшірмелері, тексеру нәтижелері және мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы, мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын орындау туралы ақпарат тігілетін арнайы тігінді жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне қосымша

## Субъективті критерийлер (ауыртпалық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды сақтамау кезінде анықталады)

| № | Критерийлер | Бұзушылықтардың дәрежесі |
|---|---|---|
| **Бұрынғы тексерулердің нәтижелері бойынша** | | |
| 1 | Мемлекеттік қызметшілермен мемлекеттік және еңбек тәртібінің сақталуы | Елеулі |
| 2 | Мемлекеттік қызметке кірген тұлғалардың «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) көрсетілген талаптарына сәйкестігі | Өрескел |
| 3 | Мемлекеттік органдарда жұмыс уақыты ұзақтығының Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы талаптарына сәйкестігі | Елеулі |
| 4 | Іссапарлар кезіндегі мемлекеттік қызметшілердің кепілдіктері мен өтем ақыларының сақталуы | Елеусіз |
| 5 | Мүдделер қақтығысында Заңның талаптарының сақталуы | Өрескел |
| 6 | Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру, басқа лауазымға ауысу және мемлекеттік қызметті тоқтату тәртібі талаптарының сақталуы | Өрескел |
| 7 | Мемлекеттік қызметшіге еңбек демалысын беру кезіндегі талаптарының сақталуы | Елеусіз |
| 8 | Мемлекеттік қызметшілерге қатысты әлеуметтік қорғау шараларын қамтамасыз ету бойынша талаптарының сақталуы | Елеулі |
| 9 | Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің антын қабылдау тәртібі «Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшісі антының мәтінін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің ант беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы № 319 Жарлығының талаптарына сәйкестігі | Елеусіз |
| 10 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшіге тәртіптік жаза қолдануда Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы № 321 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану туралы ережесі тәртібінің сақталуы | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| 11 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы № 327 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларымен қарастырылған мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу тәртібінің сақталуы | Елеулі |
| 12 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы № 357 Жарлығымен бекітілген, Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы Ережесі талаптарының сақталуы | Елеулі |
| 13 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1457 Жарлығымен бекітілген, мемлекеттік қызметшілерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесімен қарастырылған, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың кезеңділігі талаптарының сақталуы | Елеулі |
| 14 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары талаптарының сақталуы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 8380 тіркелген) | Өрескел |
| 15 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1243 Жарлығымен бекітілген, Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы ережесі талаптарының сақталуы | Өрескел |
| 16 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының 2003 жылғы № 02-0102/59 бұйрығымен бекітілетін, мемлекеттік қызметшінің қызметтік тізімін толтыру нысаны бойынша ұсыныстарының сақталуы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 2290 тіркелген) | Елеусіз |
| 17 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 58 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына үлгілік біліктілік талаптарымен қарастырылған «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдары санаттарының А, В, С, Б, Е санаттары топтарының біліктілік талаптарына, «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына тағайындалған тұлғалардың сәйкестігі ( Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10080 тіркелген) | Өрескел |
| 18 | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 12 тамыздағы № 02-01-02/164 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеумен бекіту жөніндегі ережесімен көзделген талаптарға Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарының сәйкестігі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 7157 тіркелген) | Елеусіз |
| 19 | Мемлекеттік органдарда саяси партия ұйымдарын құру бойынша шектеулердің сақталуы | Өрескел |
| | Мемлекеттік қызметшілермен Заңның 20-1 бабы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 5 мамырдағы № 1567 | |

| | | |
|---|---|---|
| 20 | Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі талаптарының сақталуы | Өрескел |
| 21 | Мемлекеттік қызметшінің, мемлекеттік қызметке кіргеннен кейін үш күн мерзімде Ар-намыс Кодексімен жазбаша түрде таныстырылуы | Елеулі |
| 22 | Ар-намыс Кодексінің мәтінінің мемлекеттік органдардың ғимараттарында баршаға көрінетіндей жерлерде орналастырылуы | Елеулі |
| 23 | Мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болуы | Елеулі |
| 24 | Жеке істе мемлекеттік қызметшінің міндетті өтетін арнайы тексерудің оң нәтижелерін алғаны туралы ұлттық қауіпсіздік органы хатының болуы жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарының сақталуы | Елеулі |
| 25 | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржылық бақылау шараларының сақталуы | Өрескел |
| 26 | Мемлекеттік қызметшілермен өздерінің жақын туыстары ( ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алған балалар , ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе ері (зайыбы) атқаратын қызметтерге тікелей бағынысты лауазымдарды, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, атқаруына болмайтын туралы шектеулердің сақталуы | Өрескел |
| 27 | Мемлекеттік қызметшілермен мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлық заңнамасымен көзделген мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын басқа қызметпен айналысу бойынша шектеулердің сақталуы | Өрескел |
| 28 | Мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен көзделген сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың болуы | Өрескел |
| 29 | Мемлекеттік қызмет саласында игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз алуға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың болуы | Өрескел |
| 30 | Мемлекеттік қызмет саласында бұрын жүргізілген тексерулер мен өзге нысанды бақылау нәтижелерімен анықталған бұзушылықтардың қайталануы | Өрескел |
| **Мемлекеттік қызмет, қызмет этикасы және мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын бұзу туралы жеке және заңды тұлғалардың негізді деп табылған** | | |

| | | |
|---|---|---|
| **шағымдарының болуы бойынша** | | |
| 31 | Мемлекеттік қызмет туралы заңнама талаптарын бұзу туралы жеке және заңды тұлғалардың расталған бір немесе одан көп шағымдарының болуы | Елеулі |
| 32 | Мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын бұзу туралы жеке және заңды тұлғалардың расталған бір немесе одан көп шағымдарының болуы | Елеулі |
| 33 | Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі талаптарын бұзу туралы жеке және заңды тұлғалардың расталған бір немесе одан көп шағымдарының болуы | Елеулі |
| **«Персоналды басқару» бағыты бойынша мемлекеттік органдардың қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері** | | |
| 34 | «Персоналды басқару» бағыты бойынша жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдардың қызмет тиімділігінің төмен дәрежесі | Өрескел |
| **Мемлекеттік органдармен ұсынылатын есептік деректер мен мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша** | | |
| 35 | Мемлекеттік қызметте кадр жағдайы мониторингі бойынша есептерді сапалы және уақытылы ұсыну | Елеулі |
| 36 | Конкурстық комиссия отырысының «Б» корпусының кадр резервіне алуға ұсыным жасау жөніндегі хаттамасынан үзіндіні, конкурсқа қатысушының жеке іспарағын және оның «Б» корпусының кадр резервіне алынуға жазбаша келісімін уақытылы ұсыну (*он жұмыс күні ішінде*) | Елеулі |
| 37 | Кадр резервінде тұрған тұлғалармен әңгімелесу нәтижелері бойынша қабылданған шешім туралы хабарламаны уақытылы ұсыну (*резервшілер тізімін алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде*) | Елеулі |
| 38 | Қайта даярлау және біліктілігін арттырудан өткендер есебін сапалы және уақытылы ұсыну (*жыл қорытындысы бойынша келесі жылдың* 10 қаңтарына дейін) | Елеулі |
| **Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттік органдар,** | | |

| | | |
|---|---|---|
| **мемлекеттік қызметшілер және өзге де мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген тұлғалар және соларға теңестірілген тұлғаларға қатысты келеңсіз теріс публикациялар бойынша** | | |
| 39 | Бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда мемлекеттік органдарға қатысты негізделген айыптаулардың болуы | Елеулі |
| 40 | Бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда мемлекеттік қызметшілер және өзге де мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген тұлғалар және соларға теңестірілген тұлғаларға қатысты негізделген айыптаулардың болуы | Елеулі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК